

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 34 (829) 17 қыркүйек, 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

ЖОЛДАУ- БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢАРТУДЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢІНДЕ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Біз, мұғалімдер үшін, Қазақстан Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы қос мерекеге айналды, себебі ол 1 қыркүйек - Білім күнінде жарияланды. Ерекше атап айтар болсақ, биыл біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тойлағалы отырмыз. Осы орайда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев біздің тәуелсіздігіміз-біздің ең жоғары құндылығымыз екенін айтты. Ол өз сөзінде «Тұңғыш Президент - Елбасының болашаққа бағытталған саясатының арқасында Қазақстан айтарлықтай табысқа жетті және бүкіл әлемге танымал болды. Бірлік пен келісімде біз жаңа мемлекет құра алдық - бұл біздің басты жетістігіміз » екенін атап өтті. Халықтың әл - ауқаты - бұл жолдауға енетін ең басты мәселелердің бірі. Жолдау терең мәнге толы, мемлекет қызметінің барлық негізгі салаларын көрсетеді. Жаңа экономикалық курс жаңа үлгідегі білімге инвестицияларды анықтайды, бұл, әсіресе, елдің білім беру жүйесін жаңартудың қазіргі кезеңінде өте маңызды.

Жолдауда білім сапасын жақсарту мәселесіне ерекше назар аударылғанын түсіну көңілімізге қонымды болды, бұл - оқушылардың қабілетін анықтауға негізделген кәсіби бағдарлау саясатына көшу, қала мен ауыл арасындағы орта білім сапасының алшақтығын азайту, аз қамтылған отбасылар мен көп балалы отбасылардың дарынды балаларын қолдаудың Жол картасын әзірлеу, білім берудің әр деңгейіне арнайы қаржыландыру тәртібін енгізу, мектеп оқулықтарының сапасын арттыру, мұғалімдердің жалақысын көтеру сияқты мәселелерге кеңінен тоқталды.

4-ші мектептің қызметкерлері Президент Жолдауын іс-әрекетке бағыттаушы ретінде қабылдады. Елімізде білім беру бойынша қойылған тапсырмалар біздің мектепте де іс жүзінде орындалуда. Мектеп аудан бойынша бірінші болып заманауи инклюзия кабинетін ашты, ол әр баланың қолжетімділігі мен тең білім беру мүмкіндіктері сияқты тапсырманы орындау үшін өте маңызды. Мектеп жаңа компьютерлер алды, екі плазмалық теледидар сатып алынды. Жаңадан жабдықталған химия кабинеті келді, мұның өзі- оқушыларды осы пәнге толықтай тарту үшін өте маңызды. Мектепте биология, физика және робототехника кабинеттері жұмыс жасайды. Жақында бірнеше сынып жаңа жиһазбен қамтылды. Мемлекет бұл бағытта үлкен қолдау көрсетіп жатқанына біз өте қуаныштымыз.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, білім берудің маңызды міндеті-мұғалімдердің біліктілігін арттыру. Біздің мектептің мұғалімдері біліктіліктерін жүйелі түрде арттырады, мұғалімдердің 100% -ы «Инклюзивті оқыту» курстарын, IT -құзыреттіліктер саласындағы жетілдіру курстарын аяқтады. Ақпараттық - коммуникациялық технологияларға ие болу - уақыт талабы, сондықтан мектеп мұғалімдері бұл бағытта да белсенді жұмыс жүргізуде.

Біз Президенттің бұқаралық спортты жандандыру және спорттық үйірмелерді көбейту туралы бастамасын қолдаймыз. Біздің мектепте бірнеше спорт секциялары жұмыс жасайды, «Қол күрес» атты әскери-патриоттық клуб бар, олар осы бағытта белсенді іс-шаралар атқарып жүр. Оқушылар секцияларға, клуб, үйірме жұмыстарына белсенді түрде, қызыға қатысады.

Біздің мектептің қызметкерлері Елбасының бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерін қамтитын барлық бастамаларын шын жүректен қолдайды. Баршамыз еліміздің игілігі үшін жұмыла жұмыс жасаймыз! Барлық мәселелердің жүзеге асырылуына бар күш-жігерімізді салуға дайынбыз!

Айгүл МҰХАМЕТҚАЛИЕВА,

Тайынша қаласы №4 орта мектебінің директоры,
аудандық мәслихат депутаты.

БАҒЫТЫМЫЗ АЙҚЫН МАҚСАТТАРЫМЫЗ АНЫҚ



“ Қазақстан қазір жаңа дәуірге қадам басты. Бірлігіміз – әр алуандықта. Бұл қағидамыз ешқашан өзгермейді. Пікір алуандығын қолдай отырып, біз радикализмнің кез келген түріне жол бермейміз. Қоғамдағы бірлік пен келісімді көзіміздің қарашығындай сақтауымыз қажет. **Адамды тіліне, ұлтына қарап кемсітуге жол жоқ**”

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.ТОҚАЕВ
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА
ЖОЛДАУЫНАН, 01.09.2021

Аудан активі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын талқылап, алдағы уақытта белгіленген бағыттарды жүзеге асыру жайында болды. Жиынға мемлекеттік органдардың басшылары, агроқұрылымдардың өкілдері мен жекелеген кәсіпорындардың басшылары, мәслихат депутаттары, еңбек ардагерлері мен жастар саясаты өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар қатысты. Алқалы жиынды кіріспе сөзбен ашқан аудан әкімі Руслан Аңбаев Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және басқа да салалар бойынша даму басымдықтарын ерекше атап өтті. Сонымен қатар, аудан әкімі барша қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында Мемлекет басшысы бес негізгі бастаманы ұсынғанын, ол бастаманың бәрі халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған игі бастамалар екенін айтып өтті.

Бүкіл әлемді алаңдатып отырған пандемиямен күрес жолдарын, оның елімізге алып келген зардабын айта келе, еліміздің әлеуметтік дамуына, ел тұрғындарының табысы мен жұмыс орындарын сақтауға, халқымыздың денсаулығын сақтауға басты назар аударды.

Жиын барысында сөз алған аудан әкімінің орынбасары А.А.Әміренов өз сөзінде Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешеніндегі жайылымдық жерді тиімді пайдалану мәселесіне арнайы тоқталып, Үкіметке құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертетін батыл шаралар қабылдауға тапсырма бергенін айтты. Баяндамашы ең негізгі салалардың бірі-денсаулық сақтау жүйесіне тоқталды. Адам ағзасына өте қауіпті коронавируспен күрестің бірден бір жолы- екпе салдыру екенін айтты. Екпе салуда аудан бойынша 58,8 пайыз бірінші компоненттің көрсеткіші, ал екінші компонент бойынша 53,1 пайыз ғана. Вакцина қоры аудан бойынша жеткілікті екенін, тек қана әркім өзі вакцина салдыру мәселесіне жауапкершілік таныту қажеттігін айтты. Аудан әкімінің

орынбасары Жолдауда бұқаралық және балалар спортын дамытуға үлкен көңіл бөлінгені туралы айта келіп, осы бағытта Тайынша ауданында бірқатар атқарылған жұмыстарға, өткізілген іс-шараларға қорытынды жасады. Аудандық актив жиналысында сөз алған "BioOperations" өнеркәсіптік кешенінің директоры А.Қалимурзин:

- Мен Президенттің Қазақстан халқына кезекті Жолдауында өткен жылға терең талдау жасағанына және Президенттің Үкімет пен қоғам алдына қойған тапсырмаларындағы сараланған саясатына өте тәнті болдым.

Әрине, коронавирус біздің үйреншікті өмірімізге өз өзгерісін енгізді, еліміздің экономикасы қазір соның салдарын көріп отыр. Дегенмен, қиыншылықтарға қарамастан, дәйекті түрде даму бағыты бойынша келе жатырмыз. Дер кезінде тура инвестицияларды одан әрі тарту үшін жаңа құрал – Президент атаған, Стратегиялық инвестициялық келісім ұсынылды.

Пандемия жағдайында мемлекет азаматтар мен бизнеске шұғыл қолдау көрсетуде қалыс қалған жоқ. «Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында біз екі жобаны іске асырдық, бұл – жалпы сомасы шамамен 850 млн. тенгеге су құбырын өткізу және электрмен қамтамасыз етудің сыртқы желісін тұрғызу. 87 млн.тенгеден артық сомаға электр қосалқы станциясын қайта құрастыру бойынша жоба іске асырылып жатыр.

Біздің "BioOperations" өнеркәсіптік кешені астықты терең өңдеумен айналысады. 2017 жылдан бастап біз ұн шығарамыз, кейін крахмал, ұлпа және азық жемдерін өндіре бастадық. Өткен жылда біз 105 мың тонна шамасында, сомасы 11 млрд.тенгеге ұн өндірдік.

Президенттің «Қарапайым заттар экономиясы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының әрекет ету мерзімін ұзарту шешімін өте дұрыс деп есептеймін. Бөлінген қаражат біздің қазақстандық өндірушілерге айтарлықтай көмек болатынына сенімдімін. Одан басқа, Мемлекет басшысы денсаулық сақтау, сапалы біліммен қамтамасыз ету, адам құқығын қорғау және қоғамды топтастыру тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар бастамалар туралы айтты. Президент өзінің халқына деген сенімінің арқасында, сенімді ақтайтын халқының барының арқасында осындай үлкен мақсаттар қояды деп ойлаймын. Жауапкершілікті өзім үшін ғана емес, Қазақстан халқы және өзімнің ұжымым үшін де сезіне отырып, Мемлекет басшысының жолдауын мобильдену және қайта құруға, бастама көтеру және кәсіпкерлік танытуға шақыру деп бағалаймын, - деді. Басқа да сөз алған баяндамашылар өз ойларын ортаға сала отырып, Жолдауда айтылған міндеттерді жүзеге асыруға ат салысатындарын білдірді.

Алқалы жиынды қорытындылаған аудан әкімі Р.А.Аңбаев өңірдегі тұрақты түрде орныққан әлеуметтік-экономикалық дамудың оң көрсеткіштеріне өз бағасын берді. Сонымен қатар, мемлекетімізді нығайтудың зор мүмкіндіктері мен бағалы бастамаларын әрбір тайыншалық азамат толық сезініп, қолдайтынына сенім білдірді. Жолдауда белгіленген бағыттарды еңсеру үшін қажырлы еңбек пен алға ұмтылу қажет екенін айтты.

Иә, Жолдауда көрсетілген басымдықтарға ерекше мән беріп отырып, баршамыз Тәуелсіз еліміздің баянды болашағы жолында аянбай, жұмыла жұмыс атқаруға міндеттіміз деген ойдамын.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша маңы»

ҚАСИЕТТІ ОТАНЫМЫЗ МӘҢГІ ЖАСАЙ БЕРСІН!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» Жолдауын, біздер, медицина саласының қызметкерлері аса қуанып қарсы алдық. Президент биыл егемен ел болғанымызға 30 жыл толатынын атап өтіп, тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұрғанымыздан бастады. Пандемияның біздің елімізге де әкелген зияндығын атап көрсетіп, бұл орайда медицина саласына қомақты қаржы құйып көмек көрсету керектігін айтты.

Иә, коронавирус, біздер, яғни денсаулық сақтау саласы үшін үлкен сынақ болды. Әлемді жайлаған індет әлі де қайтар емес. Күн сайын мыңдаған азаматымыз дертке шалдығып, талай адам өмірден өтуде.

Біздің ел - коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі. Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екеніне еш күмән жоқ. Қазір QazVac-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде. Елімізде вакцина қоры жеткілікті, азаматтарымыздың таңдау мүмкіндігі бар. Көптеген мемлекеттердің бұған қолы жетпей отыр.

Бүгінгі күнде Келлер ауылындағы провизорда жалпы 160 орынның

49-нда адамдар ем алуда. Чкалов, Келлеровка және Тайынша қаласында вакцина салу орталықтары жұмыс атқаруда. 1 компонентпен 13659 адам немесе 58,6 пайыз, 2 компонентпен – 12327 адам немесе 52,9 пайыз адам егілді. Бұл жұмыстар әлі де жалғасуда.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздің экономикасын 7 негізге сүйену керектігін меңзеп, экономика халықтың әл-ауқатын жақсартуға жұмыс істеу тиістігіне тоқталды. Қоғамда қордаланған түйткілді жайттар мен олардың шешу жолдары туралы айтқан Президентіміз барлық саладағы түйіндердің жүйелі тарқатылатынын жеткізді.

Ендеше, бәріміз бірігіп Мемлекет басшысы межелеп берген бағытты нық ұстап, экономикамызды жақсарту жолында жұмыла жұдырықтай жинақы жұмыс істеуіміз қажет. Біздің бағытымыз – белгілі, мақсатымыз – айқын, бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік! Қасиетті Отанымыз мәңгі жасай берсін!

ЛАТИФ БАТЕС,

Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының бас дәрігерінің орынбасары, аудандық мәслихат депутаты.

Жемқорлыққа жол жоқ!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Бұл сұрақтың жауабын этномәдени бірлестіктердің жастар өкілдері арасындағы «Парасаттылық – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің құрамдас бөлігі» дебат турнирінің қатысушылары іздеді.

Пікірталасқа екі команда – «Император» және «Қазақстанның болашағы үшін» қатысты, олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты тиімді жүргізу бойынша өз идеяларын ұсынды.

Егер «Император» - үкіметтік командасының өкілдері қазылар алқасының мүшелеріне сана сезімге әсер ету арқылы неғұрлым жұмсақ тәсілдерді көздейтін «скандинавиялық» модельді жақтаса, оппозициялық «Қазақстанның болашағы үшін» командасы Сингапурда кеңінен пайдаланылатын неғұрлым қатаң модельді ұстану қажеттігін дәлелдеуге тырысты. Нәтижесінде «Император» командасы жеңіске жетті.

Қазылар алқасының төрағасы, облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин өз таңдауын түсіндіре келе,

жеңісті оларға «скандинавиялық» модель көбірек ұнағаны үшін емес, балалардың өз ойларын шебер жеткізе білгендігі және барлық көкейкесті сұрақтарға толық жауап беріп, мемлекеттік басқару мәселелерінде нақты түсінігі бар болғандықтан берілгенін атап өтті.

«Ашық пікірталас – бұл ағартушылық жұмыстың, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелеріндегі тиімді құралдардың бірі. Бүгін сіздер сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушіліктің жоғары деңгейін көрсеттіңіздер. Халықтың мүддесіне адал қызмет ету қағидаттары сіздермен ересек өмірде де болады деп үміттенеміз», - деді Нұрлан Жахин. Іс-шараны «Қоғамдық келісім» КММ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік қазақстан облысы бойынша департаментімен бірлесіп, 2021 жылға арналған Парасаттылық мәдениетін ілгерілету жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру шеңберінде ұйымдастырды.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің баспасөз қызметі.

* * * * *

Көпшілік НАЗАРЫНА!

БАЛАНЫҢ ТУУЫН ОНЛАЙН ТІРКЕУ ЖОЛДАРЫ

Мұны екі жолмен жасауға болады: SMS-хабарлама арқылы және электрондық үкімет порталында проактивті.

1. «Проактивті қызметтің» арқасында бір уақытта баланың тууын тіркеуге өтініш беруге, оны балабақшаға кезекке қоюға және туумен байланысты жәрдемақыларды ресімдеуге болады.

!!! Мобильді азаматтар базасында тіркелу МАҢЫЗДЫ. Бала туылғаннан кейін бір күн ішінде сіз қажетті деректерді қадамдық сұраумен SMS аласыз. Қате жауаптарды жедел жіберуді ұсынамыз. Процесті екі күннен артық созбаңыз, өйткені қызмет бала туылған сәттен бастап 3 күн ішінде көрсетіледі. Барлығы тегін, тек телефон нөмірінде оң баланс болуы керек. Егер сіз қандай да бір тармақ бойынша жауап бермесеңіз немесе ол дұрыс болмаса, жүйе қызметті одан әрі алу үшін ХҚКО-ға бару қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

2. Баланың тууын электрондық үкімет порталында тіркеу үшін «Азаматтарға» бөліміне өтіп, «Отбасы және бала», одан әрі «Баланың тууын тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» кіші бөлімін таңдау қажет. Өтінімді толтыру және оған ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңбамен) қол қою. Дайын құжатты алу үшін хабарламада көрсетілген уақытта АХАТ-қа бару керек (айтпақшы, екі жағдайда да).

Өзімен бірге: туу туралы медициналық куәліктің түпнұсқасы; неке қию туралы куәліктің түпнұсқасы; әкесінің немесе анасының жеке куәлігінің түпнұсқасы болуы тиіс.

ТЕГІН ӨЗГЕРТУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ

Егер сіз неке қию немесе некені бұзу себебі бойынша тегіңізді өзгерткіңіз келсе, eGov.kz порталына өтінім беріп, қажетті деректерді толтырыңыз, ЭЦҚ немесе смс-пароль арқылы қол қойыңыз және төлем жасаңыз. Өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама Сіздің жеке кабинетіңізге келеді.

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ТІРКЕЛУ БОЙЫНША ТОП 7 СҰРАҚ

15 қыркүйектен бастап Қазақстанда амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарға еркін тіркелу науқаны басталады. Біз ең көп таралған сұрақтарға жауап дайындадық.

Тіркелуге қабылданған өтініш қанша уақыт ішінде қаралады?

Азамат электрондық үкімет порталы арқылы бекітуге өтінім берген кезде бекіту немесе бекітуден дәлелді бас тарту 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Неліктен үйге жақын емханаға тіркелу маңызды болып саналады?

Біріншіден, бұл үйіңіз бен емхананың ортасында 15-20 минуттық жая жүруге болатындай қашықтықтағы медициналық көмекке қолжеткізу.

Екіншіден, үйде көмек алу, соның ішінде қажет болған жағдайда дәрігерді немесе мобильді бригаданы шақыру мүмкіндігі болып табылады.

Барлық емханалар аумақтық қағидат бойынша жұмыс істейді және пациент емхананың қызмет көрсету аумағында тұрған кезде ғана үйде медициналық көмек көрсетіледі.

Мен бір уақытта бірнеше емханаға тіркеле аламын ба?

Сіздің тек бір емханаға тіркелу мүмкіндігіңіз бар, өйткені бекіту сіздің ЖСН жеке нөміріңіз бойынша жасалады. Ал, сізді бұрынғы емханадан босату автоматты түрде жүзеге асырылады.

Егер мен тіркеу науқаны кезінде өтініш бермеген болсам не болады?

Бұндай жағдайда сіз бұрын өзіңізге қызмет көрсетілген емханада тіркелген болып қаласыз.

Аталған науқан кезінде мен басқа емханаға тіркелуге өтініш бердім, ол жерде медициналық көмекті қай уақыттан бастап алуға болады?

Келесі жылдың 1- қаңтарынан бастап аласыз. Ағымдағы жылдың соңына дейін сіз өзіңізге бұрын қызмет көрсетілген емханада медициналық көмек алуды жалғастыратын боласыз.

Қандай жағдайларда мені емханаға тіркеуден бас тартуы мүмкін?

Жалған ақпарат ұсынған уақытта; Пациенттің нақты тұру мекені емхананың қызмет көрсету аймағынан тыс жерде орналасқандығы анықталған кезде;

Бекітілген халық саны жалпы практика дәрігеріне 1,7 мың адамнан, учаскелік педиатрға 0-ден 6 жасқа дейінгі 500 баладан, 0-ден 14 жасқа дейінгі 900 баладан асқан кезде;

Тіркелген тұлғаның заңды өкілдігін растайтын құжат болмаған кезде.

Емханаға бекітілу қандай НҚА бойынша реттеледі?

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылдың 13-қарашасындағы № ҚР ДСМ-194/2020 "Жеке тұлғаларды МСАК ұйымдарына тіркеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен реттеледі

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының баспасөз қызметі.

* * * * *

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМҒА EGOV.KZ.КЗ АРҚЫЛЫ ҚАЛАЙ ТІРКЕЛУГЕ БОЛАДЫ

- 1 ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ВЕБ - ПОРТАЛЫНА WWW.EGOV.KZ. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА (ЭЦҚ) КӨМЕГІМЕН КІРІҢІЗ
- 2 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БӨЛІМІНДЕ СІЗ "МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК" ҚОСЫМША БЕТІН ТАБА АЛАСЫЗ. "АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТЕТІН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМҒА ТІРКЕЛУ" ҚЫЗМЕТІН ТАҢДАҢЫЗ
- 3 "ҚЫЗМЕТКЕ ОНЛАЙН ТАПСЫРЫС БЕРУ" ТҮЙМЕСІН БАСЫҢЫЗ. ӨТІНІМДІ ТОЛТЫРЫП, ОҒАН ЭЦҚ-МЕН ҚОЛ ҚОЙЫҢЫЗ. ПАЦИЕНТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕМХАНА МЕМЛЕКЕТТІК АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДЕН АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ АЛАДЫ
- 4 ЖЕКЕ КАБИNETКЕ КІРІҢІЗ, "ҚЫЗМЕТТЕРДІ АЛУ ТАРИХЫ" БӨЛІМІ. МҮНДА СІЗ ӨТІНІМІЗДІҢ КҮЙІН БАҚЫЛАЙ АЛАСЫЗ
- 5 ОҢ ЖАУАП БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА, БІР КҮН ІШІНДЕ СІЗ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА ҚОЙЫЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ НЫСАНЫНДА ТІРКЕЛГЕНДІГІҢІЗ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА АЛАСЫЗ. НЕМЕСЕ СІЗГЕ СМС-ХАБАРЛАМА АРҚЫЛЫ ТІРКЕЛГЕНДІГІҢІЗ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНАДЫ ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАНБАҒАН ЖАҒДАЙДА, СІЗ ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУДЫ АЛАСЫЗ.

*ЕГЕР ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ РЕГЛАМЕНТТІК МЕРЗІМІ АСЫП КЕТСЕ, СІЗГЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМҒА ЖҮГНУ ҚАЖЕТ

Qoldau24/7 | Call center 1406 | fms.kz

«2021 жылғы халық санағының ерекшелігі халықтың сауалнамадан өтуінің баламалылығы болып табылады. Арнайы әзірленген sanaq.gov.kz сайтта тіркеуден өту қажет, толық аралау кезеңінде интервьюерге одан әрі беру үшін өзіне және бірге тұратын үй шаруашылығы мүшелеріне санақ парақтарын толтыру және пікіртерінмен өткені туралы хабарламаны сақтау қажет. Онлайн сауалнама 15 қазанға дейін қолжетімді болады»

Орақ – 2021

АСТЫҚТЫ САҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Егін жинауды бастау туралы шешім қабылдау кезеңінде, ауа-райының жағдайын ескере отырып, астықтың ылғалдылығын алдын-ала бағалау үшін, ең жақын зертханаға бірнеше ондаған шақырым болуы мүмкін далалық жағдайда ылғалдылықты жедел талдау қажет. Әр кезеңде, тіпті егін жинауға дейін және элеваторда немесе сүрлемде сақтауға дейін, мамандандырылған зертханалық жабдықтар мен құрылғылардың көмегімен сапаны кешенді бақылау қажет. Егін жиналғаннан кейін барлық фермерлердің маңызды міндеті оны сақтау болып табылады, бұл міндет әсіресе дәнді дақылдарға қатысты. Бұл кез-келген дақылдан дайындалған болашақ өнімнің дәмдік қасиеттері оның сақталу жағдайымен қамтамасыз етілетін жағдайымен анықталатындығына байланысты. Сондықтан астықты тазалап, кептіргеннен кейін оны дұрыс сақтау өнімнің сапасын және тіпті болашақ дақылдарды анықтайтын маңызды фактор болып табылады. Астықтың егістен кейінгі өнгіштігі мен өнгіштігі сияқты сипаттамалары сақтау жағдайына байланысты екені жасырын емес. Астықты сақтауға қойғаннан кейін, астықтың «тыныс алу белсенділігін» азайту міндеті тұр, соның арқасында астық массасы күніне құрғақ зат массасының 0.2% дейін жоғалуы мүмкін, бұл астықтың ылғалдылығын үнемі бақылауды қажет етеді.

Астықты сақтау жүйелері оны сақтаудың қандай да бір кезеңінде тиісті режимді қамтамасыз етуге тиіс. Дәнді дақылдарды сақтау процесінде сақталуы керек негізгі параметрлер температура мен ылғалдылық болып табылады.

Бірнеше сүрлемдік құрылыстардан тұруы мүмкін элеваторға астық қабылдау кезінде оны өлшеу жүргізіледі және осылайша сақталатын өнімнің есебі жүргізіледі. Сонымен қатар, силостардағы астық деңгейінің мөлшерін бақылау маңызды, өйткені бұл оператор элеваторды астықпен қаншалықты толтыра алатындығына байланысты. Астық деңгейін анықтау үшін бірнеше әдістерді қолдануға болады, олардың ішінде мыналарды атауға болады:

- радарлық;
- сыйымдылық;
- ультрадыбыстық;
- электромеханикалық;
- силостағы температураны өзгертудің жанама әдісі;
- өлшеу сызғышымен жүкті түсіру және көтеру арқылы қолмен.

Мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдер тізбесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 23 мамырдағы № 208 және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 340 Бірлескен бұйрығымен бекітілген. Элеватор зертханаларын жарақтандырудың негізгі мақсаты-шұғыл басқарушылық және технологиялық шешімдерді қабылдау үшін дәнді, майлы дақылдардың, құрама жемнің жай-күйі туралы уақтылы және дұрыс ақпарат алу. Осыған байланысты элеваторларда қолданылатын таразы шаруашылығы, өлшеу құралдары мен зертханалық жабдықтар Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу жүйесінде аккредиттелген уәкілетті тексеру зертханаларында мерзімді тексеруден өтуі тиіс.

Аккредиттеу субъектілері туралы ақпарат еркін қолжетімді және ақпараттық жүйеде орналастырылған qoldau.kz «Аккредиттеу субъектілерінің тізілімі» бөлімінде. Таразылар, ылғал өлшегіштер, талдауыштар, дән сынамаларын іріктегіштер, кептіру шкафтары және зертханалық диірмендер және т.б. қарапайым астық зертханасына жол берілмейтін ең жауапты сәтте әкелмеуі тиіс. Зертханалық құрылғылар мен жабдықтардың істен шығуына байланысты әр сағат немесе күн немесе ылғалдылық, ақуыз немесе май сияқты анықтаудағы қателіктің бір пайызы қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін, агроөнеркәсіптік компанияның нарықтағы беделін айтарлықтай төмендетуі мүмкін. Сұрақтар туындаған жағдайда ҚР Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне мына мекен-жай бойынша хабарласуға болады: Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 56. тел.: 8 (715-2) 52-75-31 e-mail: gosnadzor_sko@mail.ru

Калиев Спартак,

СҚО бойынша мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор.



Тайынша ауданы әкімінің өкімімен

БӘТЕНОВА ГҮЛБАРШЫН КАХАРМАНҚЫЗЫ

Тайынша ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы болып тағайындалды.

1968 жылы Көкшетау облысы Красноармейск ауданы Тихоокеанское ауылында туған. Г.Қ. Бәтенова жоғары білімі бар, 2006 жылы «Психология» мамандығы бойынша Көкшетау университетін аяқтады. Бәтенова Гүлбаршын Кахарманқызы еңбек жолын 1987 жылы сәуірде Көкшетау облысы, Чкалов ауданы, Тихоокеан кеңшарының таразы болып бастады. 1987 жылдың қазанынан Тихоокеан ауылдық округінде есепші, 1991 жылдың қарашасынан 1995 жылдың қарашасына дейін Зеленогай ауылдық округінде аға есепші болып жұмыс істеді.

1995 жылдың қарашасынан 1997 жылдың сәуіріне дейін Көкшетау облысы Чкалов ауданы Зеленогай ауылдық округінің хатшысы болды.

1997 жылдың сәуірінен 2003 жылдың мамырына дейін Зеленогай ауылдық округінде бас маман болып жұмыс істеді.

2003 жылдың мамыр айынан бастап Тайынша ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы болып тағайындалғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округінің әкімі болып жұмыс істеді.

* * * * *

ОТАН АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Тайынша ауданының аумағында «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңының 31- бабы, «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2021 жылдың наурыз – шілдесінде және қыркүйек – желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 5 ақпандағы № 503 Жарлығы негізінде азаматтарды күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру басталды.

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру – азаматтардың әскери қызметке дайындығын ұйымдастыру мен жүргізудің, ҚР әскери міндеттері мен әскерге шақырылушыларының әскери есебін жүргізудің көрсеткіші болып табылады.

«Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2021 жылдың наурыз – шілдесінде және қыркүйек – желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 5 ақпандағы № 503 Жарлығына сәйкес, мерзімді әскери қызметке әскерге шақыруды кейінге қалдыруға құқығы жоқ, 18 бен 27 жас аралығындағы азаматтар шақырылады. Шақырудың негізгі мақсаты әскерді дені сау және моральдық жағынан дайын жастармен толықтыру. Ол үшін аудандық шақыру және дәрігерлік комиссия құрылды. Осы комиссияның қабылдаған шешімі негізінде шақырылушылар облыстық шақыру комиссиясына жіберіледі, онда мерзімді әскери қызметке шақыру немесе кейінге қалдыру немесе әскери қызметке жарамсыз туралы қорытынды шешім қабылданады.

Шақыру кезінде азаматтардың келесі негіздемелер бойынша әскерге шақыруды кейінге қалдыруға құқығы бар: отбасылық жағдайына қатысты, білімін жалғастыру үшін, денсаулығына байланысты, және басқа себептерге қатысты, атап айтсақ, ұстаздарға жұмыс кезінде, ауыл дәрігерлеріне, Парламент немесе жергілікті атқарушы органдардың депутаттарына, өкілеттік мерзімінде, тергеуде жүргендерге, азаматтық әуе тасымалының

жазғы экипаж мүшелеріне, азаматтық авиацияның инженер, механик, техниктеріне, құқыққорғау органдарының білім беру мекемелерінде кәсіби дайындық өтетіндерге.

Қарулы күштер бірнеше мамандарға мұқтаж: аспаз, көлік жүргізушілер, байланысшы, музыканттар, IT-мамандар, спортсмендер. Әскердің әр түрінде өзінің белгілі талаптары бар, солар бойынша шақырылушылардың қай бөлімде қызмет ететіні анықталады. Мысалы: десанттар әскери мен арнайы мақсаттағы әскерлерге шақырылушылардың дене бітімі маңызды, бойы 170 см төмен емес, спортсмендер қажет. Шақырылған азаматтарды бір бөлігі 6 ай көлемінде әскери мамандықтар бойынша оқулар өтеді: БТР, БМП, танк механик-жүргізушісі, артиллерия мен миномет қаруларының зеңбірек нысанашысы және т.б. Одан басқа, негізгі дағдылардан басқа, әскер жастарды тәртіпке, жауапкершілікке, дербестікке үйретеді, олар күш пен шыдамдылыққа бейімделеді. Олар әскери қаруды пайдалану, күрделі әскери техниканы қолдану дағдыларына ие болады. Сонымен қатар, жоғары білімі бар әскерилер 6-айлық мерзімді әскери қызметтен кейін келісімшарт бойынша әскери қызметке түсуге құқығына ие болады.

Қарулы Күштерінде қызмет ету – біздің жастар үшін аға ұрпақтың батырлық және әскери дәстүріне негізделген қазақстандық патриотизмнің мықты, адамгершілік және идеологиялық мектебі.

Еліміздің Қарулы Күштеріне шақырылуға шешім қабылдаған қазақстандықтардың құрметке лайық екеніне сенімім зор. Осылайша олар өзінің жақсы өмірі мен отбасының негізін қалап қана қоймайды, сондай-ақ біздің ортақ үйіміз – егемен Қазақстанның қорғаныс қабілетін арттыруға өз үлесін қосады.

Шақырылушылар мен олардың ата-аналарына айтарым, батыр ағаларымыздың ерлік үлгілеріне қарап, өздерінің ер азамат, Отанға деген махаббаты мен парызының үлгісі ретінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қатарына өз еркімен баруға шақырамын.

Әділ МҰХАМБЕТОВ,

Тайынша аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, подполковник.

* * * * *

МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

15-қыркүйектен бастап Қазақстанда МСАК ұйымдарын (медициналық-санитариялық алғашқы көмек) еркін таңдау науқаны басталды, ол екі айдың көлемінде 2021 жылғы 15-қарашаға дейін жалғасады.

2021 жылдың 1-қыркүйегіне дейінгі уақытта МСАК ұйымдарына барлығы 19,4 млн адам ғана тіркелген. Оның ішінде қала халқының саны 11,6 млн адам болса, ауылдық жерлерде – 7,9 млн адам тіркелген. 2020 жылғы тіркеу науқанының қорытындысын қарайтын болсақ, МСАК ұйымын еркін таңдау қызметін 134,4 мың адам пайдаланған. Оның ішінде шетелдік азаматтар – 1037 адамды құраса, соның 1010 адамы басқа елдердің азаматтары, қандастарымыз – 27 болып табылады. Қазіргі уақытта қызмет алып жатқан медициналық ұйым жұмысы қанағаттырмаған жағдайда, емхананы еркін таңдау арқылы тіркелуі үшін аталмыш акция тұрғындар үшін жыл сайын өткізіледі, ал нарық қатысушылары, оның ішінде жаңадан қосылған ұйымдар келесі жылы халыққа қызмет көрсету мақсатында тапсырыс алады. Егер азаматтар емхананы еркін таңдау құқығын пайдаланбаған болса, олар өздеріне бұрын қызмет көрсетілген МСАК ұйымына бекітілген болып қалады. МСАК ұйымына үш тәсіл арқылы тіркелуге болады: тікелей таңдалған медициналық ұйымға жүгіну арқылы, электрондық үкімет порталы арқылы онлайн түрде немесе халыққа қызмет көрсету орталықтарында өтініш беру арқылы. Қазақстан халқына ТМҚК шеңберінде медициналық көмек көрсету үшін тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша МСАК ұйымына бекіту үшін көрсетілетін "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту" мемлекеттік қызметі іске қосылды. МСАК ұйымы жеке тұлғаларға өз бетінше

немесе "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті ұсынады. МСАК ұйымына жүгінген уақытта азаматтық өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуы қажет және сол жерде бас дәрігердің атына өтініш жазуы тиіс. Бекітілуші egov.kz. порталы арқылы тіркелген кезде авторизациядан өтіп, электрондық өтінімді толтыру қажет. Қызмет көрсетудің нәтижесі өтініш берушінің Жеке кабинетіне жіберіледі. Халыққа қызмет көрсету орталықтарына тоқталатын болсақ, онда тіркеу рәсімін өзіне-өзі қызмет көрсету пунктінде "Connection Points" арқылы электрондық форматта жүзеге асыруға болады. Азаматтардың кейбір жекелеген санаттары тікелей емханаға бекітіле алады. Ол үшін еркін нысандағы өтініш пен жеке басты куәландыратын құжатты қоса беру қажет. Аталмыш санаттарға зейнеткерлер, мүгедектер, бала кезінде мүгедек жандарға заң бойынша тағайындалған қорғаншылар немесе қамқоршылар, сондай-ақ патронат тәрбиешілер; жазасын колонияларда (өтеу орны бойынша) өтеп жүрген сотталғандар, студенттер, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, шет мемлекеттерде туған балалар, бекітуді сенімхат бойынша ресімдейтін адамдар жатады. Мәлімет үшін айта кететін болсақ, тіркелуге болатын барлық емханалардың тізімін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының www.fms.kz сайтынан "Клиниканы таңдау" бөлімінде алуға болады.

Егер сізде медициналық қызметтерді алуға байланысты сұрақтар туындаған жағдайда, өтінішті Қордың ресми кері байланыс арналары - 1406 байланыс орталығы, "Qoldau 24/7" мобильді қосымшасы, Қордың www.fms.kz сайты, Telegram-дағы Saqtandyru-bot арқылы қалдыруыңызды сұраймыз.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

АУДАН КӨЛЕМІНДЕ ТІЛДЕР АПТАЛЫҒЫ ЖАЛҒАСУДА



Қазіргі таңда еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік тіліміз - қазақ тілі болып бекітілгені анық. Болашағымызды баянды етер басты қаруымыз - тіліміз. «Адамға екі нәрсе тірек тегі, Бірі - тіл, бірі - ділің жүректені», - деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, кез келген мемлекеттің, елдің ең негізгі рәмізі де, ұраны да, тірегі де сол елдің ана тілі болмақ. Біздің Отанымыз байтақ та бай ел. Елімізде көптеген ұлт өкілдері тұрады. Әр халықтың өз ана тілі бар. Ана тілі адам баласының бойына ана сүтімен кіріп, бойға тарайды. Ана сүтімен бойымызға дарыған қазақ тілінің құдіреттілігі, көркемдігі өрлігінде, орасан зор байлығында. Атадан

балаға мирас болып қалған баға жетпес мұраны дәріптеу мақсатында қазақ және орыс тілді мектептерде, кітапханаларда биылғы жылдың 5 қыркүйегінен бастап түрлі мерекелік іс-шаралар өткізілуде. Тілдер апталығының жоспары құрылып, бекітілген бағдарламаға сәйкес көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Аудан көлемінде осы бағытта еңбек атқарып жүрген жекелеген тіл жанашырлары, яғни кітапханашылар, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері аудан әкімінің және облыстық мәдениет және тілдер бөлімінің жоғары марапаттарына ие болды.

МЕКТЕП МЕДИЦИНАСЫ

Мектеп медицинасы дегеніміз не?

Мектеп медицинасы-бұл білім беру ұйымдарындағы мектеп және мектеп жасына дейінгі балаларға медициналық көмекті ұйымдастыруды көздейтін медицинаның бір саласы. Яғни, балалардың денсаулығын қорғау және нығайту бойынша көрсетілетін медициналық қызметтер, аурулардың алдын алу және олардың денсаулық жағдайын динамикалық бақылау.

Мектеп медицинасы төмендегілерді қамтиды:

- профилактикалық медициналық тексерулер жүргізу;
- оқу кезеңіндегі және каникул уақытындағы сауықтыру іс-шаралары;
- аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын ұстану және дұрыс тамақтану, репродуктивті денсаулықты сақтау;
- психикалық денсаулықты қорғау, темекі шегуден, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, құмар ойындарға емделуден туындаған суицидтік мінез-құлық пен тәуелділіктің алдын алу);
- профилактикалық тексеріп-қараулардың нәтижелері бойынша оқушыларды тереңдетілген медициналық тексерулерге жіберу;
- Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес вакцинация жасау;
- жедел жәрдем бригадасы келгенге дейін шұғыл болған жағдайларда алғашқы көмек көрсету, аурулардың алдын алу бойынша оқыту іс-шараларын өткізу;
- балалар денсаулығын қорғауға ата-ана мен педагогтарды тарту;
- санитарлық ережелердің талаптарын сақтау;

Медициналық қызметтің көрсетілу шеңбері?

Оқушылар мен тәрбиеленушілерге мектептердің, балабақшалардың және басқа да білім беру ұйымдарының медициналық пункттерінде ТМҚКК шеңберінде медициналық көмек көрсетіледі, яғни мектептерге қызмет көрсететін емханаларға бұл қызметтер мемлекет тарапынан төленеді.

Мектеп медицинасының жұмысын кім ұйымдастырады?

Оқушыларға медициналық көмекті мектеп аумақтық түрде жататын емхана көрсетеді. Мектеп медицинасының қызметін ұйымдастыруға жергілікті денсаулық сақтау басқармасы жауапты болады.

Пункттердің жұмысы қалай құрылады?

Медициналық пункттердің медицина қызметкерлері жыл сайын оқушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, олардың арасында сырқаттанушылықты төмендету бойынша іс-шараларды жоспарлайды, профилактикалық егулердің, профилактикалық тексерулердің кестесін жасайды және оқушыларды уақтылы диспансерлеуге бақылау жүргізіп отырады. Балаларға арналған профилактикалық егулерді және кәсіби тексерулерді білім беру ұйымының ғимаратындағы емханалардың мамандары жүргізеді. Ол үшін емхананың жауапты қызметкері мамандардың мектептерге шығу кестесін жасайды.

ЕКПЕЛЕР

Жұқпалы аурулардың алдын алу үшін емхана қызметкерлері мектеп оқушылары мен балабақша тәрбиеленушілеріне екпені оқу орнының медпунктінде жасайды. Екпе салғаннан кейін медбикелер егілген балалардың жағдайын бақылайды. Егер оларда екпеге деген реакция байқалса, онда балалар дереу медициналық көмек ала алады немесе жағдайына байланысты оларды емханаға не ауруханаға жібереді.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР

Мектеп жасындағы балалар арасында профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу тиісті Қағидаларда жазылған белгілі бір кезеңділікпен жүргізіледі. Ол үшін емхананың бейінді мамандары мектепке барып, онда балаларды кәсіби тексеруден өткізеді.

ШҰҒЫЛ КӨМЕК

Медициналық пунктте өткір және созылмалы аурулар, жарақаттар кезінде шұғыл көмек алуға болады. Айта кетейік, баланың өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда дереу шұғыл шаралар жасалу қажеттігін ескере отырып, шұғыл медициналық көмек ата-ана немесе заңды өкілдер келісімінсіз көрсетілуі мүмкін екенін түсінген абзал.

Балалар – бақылауда

Медициналық ұйымдардың өздері мектеп медицинасының жобасын өте өзекті және пайдалы деп санайды. Сонымен қатар, білім беру нысандарына мемлекеттік емханалар да, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін жеке медициналық ұйымдар да қызмет көрсете алады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры да мектептердегі медициналық пункттер балалардың оқу жылы аясында медицина қызметкерлерінің бақылауында болуы және уақтылы медициналық көмек алуы үшін құрылғанын атап өтті. Бірақ, кейбір аурудың түрлерін тексерулер мен емдеу баланың жағдайына байланысты тікелей клиниканың өзінде болады. Барлық балаларға зор денсаулық және үздік оқуды тілейміз!

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МӘРТЕБЕСІ



"Тілдер мерекесіне "арналған іс-шаралар Тайынша қаласындағы №1орта мектепте де өтті. " Тіл мәртебесі -ел мәртебесі" сол себепті әр тілді барынша бағалау керек деп есептеймін. Әрбір халық өзінің ана тілінде бақытты дегендей біздің мектепте де әр ұлттың тіліне үлкен мән береді.

"Тіл -достықтың алтын көпірі" сондықтан ана тілін білген адам бақытты адам деп санаймын. Тілдің жойылғаны бүкіл ұлттың жойылғаны. Әрине, бала кішкентай кезден ана тілде білім алса өсе келе басқа тілдерді меңгерсе керемет қой. Қазақ елінде тұрғандықтан қазақ тілін білу үлкен мәртебе болар еді. Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың биылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: - *Адамды тіліне, ұлтына, нәсіліне қарап кемсітуге, біреудің намысына тиюге жол бермейміз, заң бойынша жауапқа тартамыз. Конституцияға қайшы мұндай жауапсыз қадамдар еліміздің негізгі мүдделеріне зиян келтіреді. Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Қазақ тілі, шын*

мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуға. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. Сондықтан, қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ. Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі. Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сәйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс,- деген жолдары көңілге қуаныш толтырады.

*Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,
Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.
Қай елде жүрсең де бұл дұрысы,
Мемлекеттік тілді үйренген жән болар* -деп, ақындар айтқандай қазақ тілін жастарға білу керек. Біздің мектепте сол бағытта үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Оқушылар да белсене ат салысуда.

Берік БАЗАРБАЙҰЛЫ,
Тайынша қаласы №1 орта мектебі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: 65710
Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген
Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.
Тапсырыс 293. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫМЫЗ:
8 (715 36) 2-36-96
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.